


«Келісілді»  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
Мектепке дейінгі және орта білім  
комитетінің төрағасы

 М. Мелдебекова  
« 11 » 09 2021 ж.

«Бекітемін»  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлігі  
«Ұлттық тестілеу орталығы»  
РМҚК директоры

 Д. Смагулов  
« 11 » 09 2021 ж.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша мектеп бітірушілерді  
қорытынды аттестаттауға арналған тест спецификациясы  
(2021 жылдан бастап қолдану үшін)

Тест спецификациясы келесі құжаттардың негізінде әзірленген:

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген (ҚР БҒМ 2020 жылғы 5 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) «Білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты»;

– ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім деңгейінің жалпы білім беретін пәндері бойынша үлгілік оқу бағдарламалары (5-9 сынып);

– ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.

– ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы №105 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11 сыныптары үшін (орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары аясында) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары.

**Тестті әзірлеу мақсаты:** Қазақ әдебиеті пәні бойынша қозғамдық-гуманитарлық бағыттағы негізгі орта және жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын меңгеру дәрежесін анықтау.

**Тест мазмұны:** Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде - 5, екінші деңгейде – 6, үшінші деңгейде – 7 тапсырма.

Тестке жалпы білім беретін мектептерге арналған қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша/Оқу мақсаттары
01	Ежелгі дүние әдебиеті	01	Көне түркі дәуіріндегі әдебиет	01	«Алып Ер Тоңа» дастаны, «Күлтегін жазуы» «Қорқыт ата кітабы» «Оғыз қаған» жыры
		02	Ислам дәуіріндегі әдебиет	02	Әбунасыр әл-Фараби, Ахмет Йүгінеки, Ахмет Йасауи
				03	Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Рабғузи, Сайф Сараи
02	Ауыз әдебиеті	03	Ауыз әдебиеті - А	04	Тұрмыс-салт жырлары
				05	Ертегілер
				06	Мақал-мәтел, жұмбақтар
				07	Аңыздар
		08	Шешендік сөздер		
04	Ауыз әдебиеті - Ә	09	Батырлар жыры. «Алпамыс батыр»		



				10	«Қобыланды батыр»		
				11	«Қамбар батыр»		
				12	Лира-эпостық жырлар. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу»		
				13	«Қыз Жібек»		
				14	Айтыс, түрлері		
03	Жыраулар поэзиясы (XV – XVIII ғ. әдебиеті)	05	Жыраулар поэзиясы- А	15	Асан қайғы. Өмірі, шығармашылығы		
				16	Қазтуған. Өмірі, шығармашылығы		
				17	Доспамбет. Өмірі, шығармашылығы		
				18	Шалкиіз жырау. Өмірі, шығармашылығы		
		06	Жыраулар поэзиясы- Ә	19	Жиёмбет. Өмірі, шығармашылығы		
				20	Ақтамберді. Өмірі, шығармашылығы		
				21	Үмбетей. Өмірі, шығармашылығы		
				22	Бұхар жырау. Өмірі, шығармашылығы		
04	XIX ғасырдағы әдебиет	07	XIX ғ. I жартысындағы әдебиет	23	Махамбет Өтемісұлы		
				24	Дулат Бабатайұлы. Өмірі, шығармашылығы		
				25	Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы		
		08	XIX ғ. II жартысындағы ағартушылар	26	Шоқан Уалиханов. Өмірі, шығармашылығы		
				27	Ыбырай Алтынсарин. Өмірі, шығармашылығы		
		09	Абай Құнанбайұлы	28	Өмірі, өлеңдері		
				29	Поэмалары мен қарасөздері		
		05	XX ғ. I жартысындағы әдебиет	10	XX ғ. басындағы әдебиет-А	30	Шәкәрім Құдайбердіұлы. Өмірі, шығармашылығы
						31	Ахмет Байтұрсынов. Өмірі, шығармашылығы
32	Жүсіпбек Аймауытов. Өмірі, шығармашылығы						
33	Міржақып Дулатов. Өмірі, шығармашылығы						
34	Мағжан Жұмабаев. Өмірі, шығармашылығы						
35	Сұлтанмахмұт Торайғыров. Өмірі, шығармашылығы						
11	XX ғ. басындағы әдебиет-Ә			36	Сәкен Сейфуллин. Өмірі, шығармашылығы		
				37	Ілияс Жансүгіров. Өмірі, шығармашылығы		
				38	Бейімбет Майлин. Өмірі, шығармашылығы		
				39	Қасым Аманжолов. Өмірі, шығармашылығы		
06	Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет	12	Ұлы Отан соғысыжәне одан кейінгі жылдардағы әдебиет- А	40	Жамбыл Жабаев. Өмірі, шығармашылығы		
				41	Өмірі, шығармашылығы		
		13	Мұхтар Әуезов	42	20-30 ж. әңгімелері, аудармалары		
				43	Драматургиясы		
				44	Сәбит Мұқанов. Өмірі, шығармашылығы		
		14	Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет- Ә	45	Ғабит Мүсірепов. Өмірі, шығармашылығы		
				46	Ғабиден Мұстафин. Өмірі, шығармашылығы		



07	Әдебиет теориясы	15	Көркемдегіш, бейнелеуіш құралдар.	47	Троп және оның түрлері
				48	Фигура және оның түрлері
				49	Өлең құрылымы, ұйқасы
08	XX ғасырдың II жартысындағы әдебиет	16	XX ғ. II жартысындағы поэзия	50	М.Мақатаев, Қ.Мырзалиев
				51	Т.Молдағалиев, Ф.Оңғарсынова, Ж.Молдағалиев
				52	О.Сүлейменов, М.Шаханов, Ж.Нәжімеденов
		17	XX ғ. II жартысындағы проза мен драматургия	53	Т.Айбергенов, Қ.Бекхожин
				54	І.Есенберлин, Т.Ахтанов, Б.Момышұлы
				55	М. Мағауин, Д.Исабеков
56	О.Бөкей, Қ.Жұмаділов, Б.Соқпақбаев				
57	Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, С.Жүнісов				
09	Проза	18	Прозадағы көркем ой Аңызбен өрілген көркем сөз Заман, дәуір тұлғасы Тарихтың шертіп пернесін Пайым мен парасат Ғасырлық туынды Әдебиеттегі сын-сарын	58	1) - әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну; - әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну; - көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау; - көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру; - шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу.
10	Поэзия	19	Өлең сөздің патшасы Аңызбен өрілген көркем сөз Тарихтың шертіп пернесін Пайым мен парасат Әдебиеттегі сын-сарын	59	2) - әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау; - шығармадағы авторлық идея мен автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау; - шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау; - көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге, ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, талдау жасау арқылы өзіндік пікірімен шығармашылық жұмыс жазу; - қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау, өзіндік ой қорыту; 3) шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен, ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және

					<p>көркемдік құндылығын бағалау;  - көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру;  - шығарманың идеясын жалпыадамзаттық, көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;  - шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу.</p>
--	--	--	--	--	--

**Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

Курстың оқу бағдарламасы бойынша білім алушылар меңгеруі тиіс:

Ежелгі дүние әдебиеті: көне түркі әдебиеті мен орта ғасырдағы түркі халықтарына ортақ әдеби жазба ескерткіштерінің тарихы мен түрлерін меңгеруі;

Ауыз әдебиеті: қазақ ауыз әдебиетінің басты жанрларының (тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, эпостық жырлар, лиро-эпостық жырлар, айтыс) негізгі белгілерін, түрлерін саралай білуі;

XV-XVIII ғ. әдебиет: жыраулық өнер және жыраулар поэзиясының даму кезеңдерін, жыраулар тұлғасы мен шығармашылығын, тіл көркемдігі мен жанрлық сипатын меңгеруі;

XIX ғ. әдебиеті: әр түрлі әдеби ағымдардың пайда болуына байланысты тектері мен жанрларына сәйкес талдауды, XIX ғ. әдебиет өкілдерінің шығармашылығының көркемдік ерекшелігін, идеялық-тақырыптық мәнін айқындауы; демократтық, ағартушылық бағыттағы әдебиет, жаңа әдеби ағымдар мен бағыттардың ерекшеліктерін білуі;

XX ғ. әдебиеті: даму сипаты, мазмұн, түр, тақырып пен идея жағынан жаңа сатыға көтерілуі, әдеби жанрдың дамуы және көрнекті өкілдерінің шығармашылығын меңгеруі;

Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі жылдардағы әдебиет: Ұлы Отан соғысы кезіндегі және одан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінде соғыс, отаншылдық тақырыптың қалыптасуы; жанрлардың дамуы және көрнекті өкілдерін білуі;

Қазіргі әдебиет: қазіргі кезең әдебиетінің бағыттарын, үлгілерін, жекелеген үздік туындыларын оқып, жанрлық ерекшелігін зерделей білуі;

Әдебиет теориясы: көркем шығармаға қатысты тақырып, идея, сюжет, композиция, көркем бейне, типтік образ, әдеби мінез, көркем бейнелеу құралдары секілді әдеби-теориялық ұғымдарды білуі, олардың көркем туындыдағы қызметін танып, талдай алуы керек;

Проза мен поэзия: көркем шығарманың мазмұны мен пішінін түсіне білуі, әдеби шығарманың тұжырымдамасын аша білуі; көркем шығармадағы образдар арқылы кейіпкерлер жүйесін жинақтай, даралай білуі; шығарма үзінділерімен жұмыс жасай білуі, қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын анықтай білуі; әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдай білуі; шығармадағы автор бейнесінің негізгі идеясымен байланысын таба білуі; көркем шығарманың тілін талдай алуы, автор стилін анықтай білуі; шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, шығарма) жаза білуі; қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтарды тауып, өзіндік ой қорыта білуі; шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтай алуы, талдай жасай білу; шығарманың заманауилығы мен жаңашылдығын анықтап, сыни тұрғыдан баға бере алуы; әдеби эссе, әдеби сын жаза білуі.

**Тест тапсырмаларының формалары:**

Жабық формадағы бір дұрыс жауапты және ашық формадағы қысқаша немесе толық жауапты қажет ететін тест тапсырмалары.

**Тест тапсырмаларының саны:**

Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының саны – 18: бір дұрыс жауапты 10 тест тапсырмасы, контекст негізінде бір дұрыс жауапты 5 тест тапсырмасы, ашық түрдегі қысқаша немесе толық жауапты 3 тест тапсырмасы.

**Тест тапсырмаларын орындау уақыты:** Тестті жалпы орындау уақыты – 80 минут.



**Жеке тест тапсырмаларының және барлық тесттің орындалуын бағалау:**

Дұрыс орындаған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 10 балл.

Контекст негізінде дұрыс орындалған бір дұрыс жауапты тест тапсырмасы үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаса – 0 балл. Барлығы – 5 балл.

Ашық түрдегі дұрыс орындалған 1 тест тапсырмасына 0-ден 5 балға дейін, максималды – 5 балл. Барлығы – 15 балл.

Барлық тест бойынша жиналатын максималды балл – 30.

15/11/2019

Жеке

Тест

Ассистент

